

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 526 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 45 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 45 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 50, 648-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету" функционалдық тобында:

1 "Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар" кіші функциясында:

102 "Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 003 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"003 Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы объектілерін салу және қайта жаңарту";

690 "Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 003 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"003 Инженерлік-техникалық орталық құру";

3 "Сыртқы саяси қызмет" кіші функциясында:

204 "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

002 "Халықаралық ұйымдарға және басқа да халықаралық органдарға қатысу" бюджеттік бағдарламасы бойынша мынадай мазмұндағы 104 кіші бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"104 Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жанындағы Тұрақты Кеңесте Қазақстан Республикасы Өкілетті өкілінің аппаратын, ұстау";

003 бюджеттік бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"003 Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау"; мынадай мазмұндағы 010 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"010 Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттерге заңсыз әкелінген және сауда-саттық құрбандары болған, сондай-ақ шет елдерде басқа қылмыстардан зардап шеккен және форс-мажорлық жағдайларда қалған азаматтарына қаржылық көмек көрсету";

02 "Қорғаныс" функционалдық тобында:

2 "Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру" кіші функциясында:

202 "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 005 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"005 Алматы қаласының бюджетіне көшкінге қарсы және селге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге берілетін нысаналы даму трансферттері";

373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Құрылыс департаменті (басқармасы)" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша 003 "Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша мынадай мазмұндағы 011 және 015 кіші бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Бағдарламаны республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер есебінен іске асыру"

015 Бағдарламаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асыру";

03 "Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі" функционалдық тобында:

9 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер" кіші функциясында:

221 "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 010 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"010 Халыққа "жалғыз терезе" қағидаты бойынша қызмет көрсететін орталықтардың қызметін қамтамасыз ету";

04 "Білім беру" функционалдық тобында:

4 "Орта кәсіби білім беру" кіші функциясында:

225 "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 016 және 030 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"016 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиялары мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

030 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқып жатқандар үшін жол жүруге өтемақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

226 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 013 және 021 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"013 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиялары мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

021 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқып жатқандар үшін жол жүруге өтемақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

6 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін кәсіби білім беру" кіші функциясында:

225 "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

020 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау" бюджеттік бағдарламасы бойынша мынадай мазмұндағы 113 кіші бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"113 Кәсіптік жоғары оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқып жатқандар арасынан жастардың жол жүруіне өтемақы төлеу";

мынадай мазмұндағы 100 және 101 кіші бюджеттік бағдарламалары бар 032 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"032 Білім беруді және ғылымды институционалдық дамыту 100 Білім беру және ғылым саласындағы халықаралық бағдарламаларды әкімшілендіруді ұйымдастыру

101 Екінші деңгейдегі банктерде студенттік кредиттерге кепілдік беру жүйесін ұйымдастыру";

226 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша 003 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау" бюджеттік бағдарламасы бойынша мынадай мазмұндағы 108 кіші бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"108 Кәсіптік жоғары оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқып жатқандар арасынан жастардың жол жүруіне өтемақы төлеу";

06 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық тобында:

1 "Әлеуметтік қамсыздандыру" кіші функциясында:

213 "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы

019 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"019 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттік әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін салуға және қайта жаңартуға берілетін нысаналы даму трансферттері";

011 және 015 кіші бюджеттік бағдарламаларымен 020 бюджеттік бағдарламасы бар мынадай мазмұндағы 266 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"266 Облыстың сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті (басқармасы)

020 Әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін дамыту

011 Бағдарламаны республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер есебінен іске асыру

015 Бағдарламаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асыру";

011 және 015 кіші бюджеттік бағдарламаларымен 010 бюджеттік бағдарламасы бар мынадай мазмұндағы 373 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"373 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Құрылыс департаменті (басқармасы)

010 Әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін дамыту

011 Бағдарламаны республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер есебінен іске асыру

015 Бағдарламаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асыру";

2 "Әлеуметтік көмек" кіші функциясында:

213 "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы

020 және 021 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"020 Арал және Қазалы аудандарының халқына атаулы әлеуметтік мемлекеттік көмек көрсетуге Қызылорда облыстық бюджетіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер;

021 Шалқар ауданының халқына атаулы әлеуметтік мемлекеттік көмек көрсетуге Ақтөбе облыстық бюджетіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

256 "Облыстың жұмыспен қамтылу мен әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаменті (басқармасы)" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 013 және 014 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"013 Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге Қызылорда облысы Арал және Қазалы аудандарының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

014 Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге Ақтөбе облысы Шалқар ауданының бюджетіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

9 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер" кіші функциясында:

020 "Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін дамыту" бюджеттік бағдарламасы бар 266 "Облыстың сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті (басқармасы)" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі алынып тасталсын;

010 "Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін дамыту" бюджеттік бағдарламасы бар 373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Құрылыс департаменті (басқармасы)" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі алынып тасталсын;

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобында:

2 "Спорт" кіші функциясында:

373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Құрылыс департаменті (басқармасы)" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша 015 "Дене шынықтыру және спорт объектілерін дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша мынадай мазмұндағы 011 және 015 кіші бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"011 Бағдарламаны республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер есебінен іске асыру

015 Бағдарламаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асыру";

09 "Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану" функционалдық тобында:

9 "Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер" кіші функциясында:

231 "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 007 және 016 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"007 Курчатов қаласында "Ядролық технологиялар паркі" технопаркін құру 016 "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-тың жарғылық капиталын ұлғайту";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобында:

1 "Ауыл шаруашылығы" кіші функциясында:

212 "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша 043 "Ауыл шаруашылығын институционалдық дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша мынадай мазмұндағы 106 кіші бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"106 Ауылда ақпараттық инфрақұрылымды енгізу және дамыту";

12 "Көлік және коммуникациялар" функционалдық тобында:

5 "Темір жол көлі" кіші функциясында:

215 "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша 009 және 013 бюджеттік бағдарламалар мынадай редакцияда жазылсын:

"009 Әлеуметтік маңызы бар облыс аралық бағыттар бойынша темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялау

013 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) және ішкі бағыттардағы темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

9 "Басқалар" кіші функциясында:

217 "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 009 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"009 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлерінің және қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақыларын ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

257 "Облыстың қаржы департаменті (басқармасы)" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 015 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"015 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлерінің және қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақыларын ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер".

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК